



Алхан Бóкеіхан: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTOGAI AJARY



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

1938 жылдың 15 тамызынан
бастап шығады

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 13 (7998) 6 мамыр, Сейсенбі 2025 жыл

aktogai_red@mail.ru

Құрметті жерлестер, Қымбатты тыл ардагерлері!

Баршаңызды 9 мамыр – Ұлы Жеңістің 80 жылдығы мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Жеңіс күні – батылдық пен қаһармандықтың, халқымыздың бірлігінің беріктігі мен қайсар рухының мерекесі. «Ер басына күн туып, етігімен қан кешкен, ат басына күн туып, ауыздығымен су ішкен» сұрапыл жылдардағы батыр майдангерлеріміздің өлшеусіз ерліктері мәңгі ұмытылмайды. Ерліктің ерен үлгісін танытып, бүгінгі бейбіт күн сыйлаған майдангерлерімізді әрдайым ардақтап, болашақ ұрпақ алдында мәңгі мақтан етеміз. Соңғы деректер бойынша біздің туған жерімізден 2033-ке жуық жасауыңгер соғысқа қатысқан. Ал, сұм соғыстан аман-есен елге оралған майдангерлер, бейбіт өмірге араласып, ауданымыздың дамуы үшін өз үлестерін қосты. Біз ерліктері тарих бетіне алтын әріппен жазылған ардақты ардагерлеріміздің өнегелі өмір жолын үлгі етеміз. Бұл жеңіс халқымыздың қажымас қайратының, батыр бабаларымыздың ерлігі мен еңбегінің арқасында келді.

Құрметті аудан тұрғындары!

Ақтоғай жерінен майдан шебіне аттанып, ел қорғаған батыр бабаларымыздың, ардақты майдангерлеріміздің өшпес ерлігі біздің мәңгі есімізде сақталады. Тәуелсіздік тұғырының берік, еңсеміздің биік болуы, еліміздің өркендеуі осынау мерекенің жемісі. Бүкіл халық жадындағы қастерлі мереке – Ұлы Жеңіс күні құтты болсын! Ауданымыздың барша тыл ардагерлері мен майдангер батырларымыздың ұрпақтарына мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, елімізге береке-бірлік тілеймін!

Құрметпен,

Аудан әкімі А.Аманжолов,

Аудандық мәслихат төрағасы Р.Әбеуов.



Жеңіс даусы

Қасым Аманжолов

Казарма лық тыныштық,
Жатыр ұйықтап солдат достар.
Жоғарғы нар қандай ыстық,
Жан екем бір монша құмар.
Әм дөнбекшіп, әм күркілдеп,
Арпалысып ұйқылы-ою...
Тамып-тамып, тамылжып кеп,
Естіледі бір күй қоңырау.
Естілет бір күй қоңырау,
Әлдилейді жүрегімді...
Мезгіл еді таңға таяу,
Неткен күй бұл, кім не біледі?
Неткен күй бұл, жанға тәтті,
Неткен күй бұл, тым мезгілсіз?
Кім жіберді бұл ләззәтті?
Жаным-жаным, рақатқа жүз.
Қайда, қайда кеттің күйім,
Таусылдың ба, саркылдың ба?
Енді қанша дөнбекшіін...
Тыныштал жаным, тыңда
-тыңда:
Болды маған естілгендей
Ұлы Москва дем алысы!

Кетші әрі ұйқы, түнше төнбей!
Япыр-ай, бұл диктор даусы
Күйі ғой бір қуаныштың!
Саңқ –сұңқ етіп сонау көктен.
Қиқуындай қыран құстың,
Ғажап дауыс шығады өктем.
Жалғыз кезген жер-жаһанды
Күй қанатты бір жолаушы.
Тірілткендей өлі жанды,
Саңқылдайды жеңіс даусы!
Жеңіс даусы- құдіретті үн
Құйылды кеп кеудемізге,
Қалдық ұйып. Дүние шіркін,
Өліміз бе, тіріміз бе?
Тік көтеріп шаттық дауыл,
Өрт боп қаулап шықтық
сыртқа.
(Өскен қала, туған ауыл
Не күйде екен осы уақытта?)
Көк төсінде жүзді оттар,
Қуаныштай жарқылдаған.
Кетті атылып ақтық оқтар
Винтопқадан, нағандардан.

Кетті атылып ақтық оқтар,
Кетті атылып ақтық ашуКешегі
қол-қанды шоқпар
Қызыл қанпат ұсташы ту.
Келеді атып ғажайып таң,
Асыққандай игілікке.
Көрдім сені, байтақ Отан,
Шығып сол кез бір биікке.
Көрдім сені, жайдым ққшақ,
Токтата алмай көз жасымды.
Құштым, сүйдім, ғашыққа
ұстап,
Майдандас бір жолдасымды.
Жеңіс даусы-құдыретті үн,
Саңқылдайды, тебіrentкді.
Шіркін адам, ұқтым бүгін,
Жаны қандай нәзік еді.
Көңілі қандай нәзік еді.
Көңілі қандай шалқар еді?!
Нендей ыстық махаббаты!
Құшақтасып ұшар еді,
Өттен ғана жоқ қанаты.

1945

Тәуелсіздікпен бірге қалыптасқан құрылым Сессия барысында Қасым-Жомарт Кемелұлы Ассамблеяның ел тарихындағы орны ерекше екенін атап өтті. Оның айтуынша, бұл құрылым Қазақстан тәуелсіздігін алған сәттен бастап, ұлттар мен ұлыстар арасындағы достық



Тәуелсіздікпен бірге қалыптасқан құрылым

пен татулықты сақтап, ел дамуына негіз болған. – Бүгінгі басқосудың тарихи мән-маңызы айрықша. Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толып отыр. Баршаңызға құтты болсын! Бұл – бүкіл Қазақстан үшін айтулы оқиға. Осы уақыт ішінде Ассамблея қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді нығайтуға өлшеусіз үлес қосты. Еліміздегі бірлік пен теңдіктің, тұрақтылық пен тыныштықтың символына айналды. Этносаралық қатынас саласындағы теңдессіз қоғамдық институт ретінде танылды. Соның арқасында Қазақстанда бейбітшілік пен келісімнің қайталанбас үлгісі қалыптасты, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Шынымен де, елімізде соңғы жылдары атқарылған ауқымды өзгерістердің арқасында Ассамблея қызметі жасампаздықтың жаңа сипатына көтерілді. Бүгінде Сенаттың бес депутаты Ассамблея кеңесінің ұсынысымен тағайындалады. Бұл қадам заңнамалық деңгейде барлық этностың мүддесін қорғау мүмкіндігін едәуір арттырды. Оған қоса, Қазақстан парламентаризмі тарихында алғаш рет «Бір ел – бір мүдде» атты палатааралық депутаттар тобы құрылды. «Бұл топ қоғамдық келісімді нығайту мәселелерімен айналысады. Қазір мемлекеттік органдар түгел Ассамблея жұмысына атсалысады» деген Мемлекет басшысы бұл жұмыстан министрліктерден, облыс әкімдіктері мен барлық деңгейдегі мәслихаттардан бастап ауыл әкімдіктеріне дейін одан шет қалмайтынын айтты. Сондай-ақ, ол ұйым 1995 жылы Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылғанын еске салды. – Бұл бастама қазақ мемлекеттілігі қалыптасып жатқан қиын кезеңде терең саяси мәнге ие болды. Консультативтік-кеңестік орган ретінде жасақталған Ассамблеяға 2007 жылы конституциялық мәртебе берілді. Ұйым жалпыұлттық бірліктің негізгі моделіне айналды. Елімізде соңғы жылдары атқарылған ауқымды өзгерістердің арқасында Ассамблея қызметі жасампаздықтың жаңа сипатына көтерілді. Сенаттың бес депутатын Ассамблея кеңесінің ұсынысымен Президент тағайындайды. Бұл қадам заңнамалық деңгейде барлық этностың мүддесін қорғау мүмкіндігін едәуір арттырды, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы. Мемлекет басшысы Ассамблеяны тек консультативтік орган ғана емес, мемлекеттің этносаралық саясаттағы стратегиялық штабына айналуы қажет деп атап өтті. Соңғы жылдары ҚХА-ның жұмысы жаңаша сипат алып, құрылымдық және мазмұндық тұрғыда едәуір жетілді. Ассамблея мүшелері бүгінде Парламент Сенатының бес депутатын ұсынуға қатысып, ел ішіндегі татулық пен келісімді қамтамасыз етуге нақты үлес қосып отыр. Президент бұл жөнінде: «Ассамблея – мемлекеттігімізге арқау болған аса маңызды құрылым. Ол жалпыхалықтық орган ретінде қоғамды ортақ құндылықтар мен максаттарға жұмылдыруы керек», – деді. Бірлік пен жауапкершілік – басты құндылық Бүгінде Ассамблея жанындағы «Адал азамат» бірыңғай бағдарламасы, «Ассамблея жастары» ұйымы, Студенттік Ассамблея мен «Жаңа толқын» секілді жобалар – жас ұрпақты тәрбиелеудің тиімді алаңдарына

(Жалғасы 2-бетте).



AQTOĞAI AJARY

(Соңы.Басы 1-бетте).

айналған. Президент олардың жұмысын жоғары бағалап, оларды отансүйгіштік пен қоғамдық жауапкершілік мектебі деп атады. «Ұлтымыздың жаңа болмысын қалыптастыруда Ассамблеяның әлеуетін кеңінен қолдану қажет», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Этносаралық шиеленістердің алдын алу, жанжалдарды медиация арқылы шешу – Ассамблея қызметінің маңызды бөлігіне айналды. Этномедиация институты мен 42 Ассамблея кафедрасы бұл бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, 360-тан астам сарапшыны біріктіріп отыр. – ҚХА мүшелері күн сайын көзге көрінбейтін, бірден нәтиже бермейтін, алайда ұзақ мерзімді, стратегиялық тұрғыдан тиімді, ауқымды жұмыс жүргізеді. Өткен жылдың өзінде Ассамблея барлық өңірде 15 мыңнан астам іс-шара ұйымдастырды. Оған 1 миллионға жуық адам қатысты, – деді Мемлекет басшысы. ҚХА бытыр көктемгі су тасқыны кезінде азаматтарымыз зардап шеккен жандарға көмек қолын созып, ырысты ынтымақ пен бірліктің тамаша үлгісін көрсетті. Ассамблеяның «Жүректен жүрекке» жобасы аясында 12 мыңнан астам ерікті ортақ іске жұмыла кірісті. – Соның айқын дәлелі ретінде Ассамблеяның «Ел бірлігі» ордені атты жаңа мемлекеттік награда тағайындалды. «Бірлік» ұғымы қазіргі дүние жүзіндегі тұрақсыз жағдайда аса маңызды. Әлемде, әсіресе, біздің айналамыздағы кейбір елдерде не болып жатқанына бәріміз куә болып отырмыз. Сондықтан шын мәнінде, «Бірлік бар жерде ғана тірлік бар». Бұл – ақиқат, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы. Сессияда Президент бірлік пен келісім идеяларын ақпараттық кеңістікте кеңінен насихаттау қажет екенін атап өтті. Этнос театрлары мен мәдениет ошақтарының жұмысын жандандыру, музейлердің экспозицияларын көпшілікке таныту, этносаралық тақырыптағы медиа-контентті күшейту – басты міндеттердің қатарында. Ассамблея халықпен тығыз жұмыс істеуі тиіс Президенттің айтуынша, Ассамблея аймақтарда халықпен тікелей жұмыс істейтін тиімді алаңға айналуы тиіс. Түркістанда жаңа Достық үйі ашылғанын тілге тиек еткен Мемлекет басшысы енді осындай орталықты Алматы облысында, әсіресе этностар тығыз шоғырланған Қордай, Ұйғыр, Сайрам және Панфилов аудандарында ашуды ұсынды. – Біз қоғамдық келісім инфрақұрылымын біртіндеп кеңейте беруіміз керек. Достық үйлері тек мәдени ошақ емес, сонымен бірге туризм нысанына айналуы тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президент ақпарат құралдарының Ассамблея жұмысын жан-жақты жариялауын да маңызды міндет ретінде атады. Ең алдымен, өңірлік БАҚ-тарға, этностар тілінде шығатын басылымдарға жүйелі қолдау қажет екенін айтты. – Қазақстандағы этностардың тілінде шығатын, ең алдымен, өңірлердегі бұқаралық ақпарат құралдарына жүйелі түрде қолдау көрсеткен жөн, – деді Мемлекет басшысы. ҚХА жұмысында мәдениет пен өнердің мүмкіндігін толық пайдалану қажеттігі де айтылды. Президент еліміздегі этнос театрлары мен музейлерді кең көлемде таныстыру арқылы халықтар арасындағы рухани



байланыс тереңдей түсетінін атап өтті. Осы мақсатта этностардың театр фестивалін өткізуді ұсынды. Президент Ассамблеяның ел игілігі жолындағы жобаларын жоғары бағалап, «Жүректен жүрекке» бағдарламасы аясында 12 мың еріктінің атқарған еңбегін ерекше атап өтті. Осыған орай жаңа мемлекеттік награда – «Ел бірлігі» ордені тағайындалғаны да жария етілді. Сессия барысында Мемлекет басшысы елге еңбегі сіңген бірқатар азаматтардың есімін атап өтті: Георгий Прокоп, Владимир Розметов, Юрий Пя, Иван Сауэр, Борис Князев, Алина Соловьёва және басқалар. Президент оларды отансүйгіштіктің, қоғамдық жауапкершіліктің символы деп атады. – Олар – бүгінгі заманның адал азаматтары, Қазақстанның дамуына мол үлес қосқан тұлғалар. Ассамблеяны жанашыр әрі белсенді азаматтардың жолын ашатын шынайы саясат мектебі және тиімді әлеуметтік баспалдақ деуге болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Ұлтаралық келісім – ел саясатының маңызды бағыты Президент Қазақстанда ешкім ұлтына, тіліне, дініне байланысты кемсітілмейтінін атап өтті. Барлық азаматтар үшін тең мүмкіндіктер жасалған, бұл – әділетті мемлекет қағидаты. – Елдің бірлігі мен татулығы – басты құндылығымыз. Түрлі этностар қазақ жерінде бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Бұл – нақты жетістік, – деді Президент. Тіл мәселесіне де арнайы тоқталған Мемлекет басшысы мемлекеттік тілдің этносаралық қатынас тілі ретіндегі рөліне назар аударды. Биыл қазақ тілінде білім алатын бірінші сынып оқушыларының үлесі 70 пайыздан асты, ал, ҰБТ-ны мемлекеттік тілде тапсырушылар – 80 пайызға жуық. Сонымен қатар, Президент тілге қатысты арандатушылық әрекеттерге жол берілмейтінін, заң аясында қатаң жазаланатынын ескертті. – Азаматтар бір-бірін «мына тілде сөйле» деп мәжбүрlemeуі керек. Біз қоғамда алауыздық тудыратын популистік шешімдерден әрдайым аулақ боламыз, – деді Мемлекет басшысы. Тірегіміз – бірлік пен тазалық Президент Ұлттық Құрылтайда атап өткен құндылықтарын тағы бір мәрте қайталады: бірлік, отаншылдық, тәуелсіздік және келісім – Қазақстан мемлекетінің негізін құрайды. Осы құндылықтарға қарсы әрекет еткендер заң аясында жауапқа тартылатынын мәлімдеді. – Халықтың татулығын бұзғысы келетіндер, ел ішіне іріткі салуға тырысатындар заң бойынша қатаң жазаланады. Ал, бірлік пен ынтымақты нығайтуға үлес қосқандар – әрдайым құрметке ие болады, – деді Мемлекет басшысы. Сонымен қатар, Президент конструктивті сын мен арандатушы әрекеттің ара-жігін ажырата білудің маңызын айтты. Заң алдында бәрі тең екенін ескере отырып, этносаралық келісімді бұзуға бағытталған кез келген әрекетке тосқауыл қойылатынын жеткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев кейбір өзін құқық қорғаушы, блогер, журналист ретінде көрсететін тұлғалардың шетелдік тапсырыспен елге қарсы әрекет етіп жүргенін сынға алды. Бұл адамдардың Қазақстанда емес, шет елде отырып, мемлекетке ақпараттық шабуыл жасап жүргенін атап өтті.

– Демократияны біреудің қаржысымен орнатуға болмайды. Еліміздің әл-ауқаты, соның ішінде демократия мен сөз бостандығы үшін шетелде ешкімнің басы ауырып, балтыры сыздамайды. Оны нақты түсінген жөн, – деді Президент. Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев төлқұжаттың ел имиджіндегі маңызын да атап өтті. Бүгінде Қазақстан қауіпсіздік пен заң үстемдігі саласындағы халықаралық рейтингтерде жоғары орындарға ие. 142 ел арасында 43-орынға табан тірегені – соның айқын дәлелі. Бейбітшілік пен келісімнің тірегі – Енді екі аптадан кейін әлемдік маңызы бар тарихи оқиға – Ұлы Жеңіске 80 жыл толады. Біз бұл мерейтойды кең көлемде атап өтеміз. Қазақстанның майдангерлері мен тыл еңбеккерлері – барша халқымыз Отан үшін отқа түсті, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президенттің бастамасымен «Ұлы Жеңіс: Ерлікке тағзым, ұрпаққа үлгі» жоспары қабылданып, соның аясында 2 мыңнан астам іс-шара өтпек. Ардагерлерге айрықша құрмет көрсетіліп, әскери шеру ұйымдастырылады. Бұл – батыр бабаларға тағзым ғана емес, ұлттық рухтың символына айналатын тарихи шара. Президенттің тапсырмасымен 500-ден астам көшеге жергілікті батырлардың есімі берілетін болды. Бұл – ұмыт қалған ерлердің есімін қайта тірілту арқылы ұлттың тарихи жадына құрмет көрсету. Қазіргі геосаяси тұрақсыздық кезеңінде Қазақстан диалог пен сенімге негізделген сыртқы саясатты ұстануда. Президент БҰҰ-ның рөлін күшейту мен халықаралық құқықты құрметтеудің маңызын атап өтті. – Халықаралық қатынастардағы шиеленісті тек өзара түсіністік, әділдік пен келіссөз арқылы шешуге болады. Біз өркениетті диалогқа үлес қосуды жалғастыра береміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Ассамблея мен дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері Қазақстанды рухани және халықтық дипломатия орталығына айналдырды. Биыл VIII съезд өтеді деп жоспарланып отыр. Бұл – жаһандық сенімсіздік дағдарысы жағдайында ерекше маңызға ие форум. Президент этникалық әртүрлілік кей елдер үшін сын-қатер болса, Қазақстан үшін бұл – стратегиялық артықшылық екенін айтты. Көпэтносты қоғамда бірлік, диалог, өзара құрмет пен жауапкершілік – ел дамуының мызғымас негізі. – Таза Қазақстан, Заң мен тәртіп, Адал азамат – бұл менің стратегиялық бағдарымның өзегі, – деді Мемлекет басшысы. Президент қазіргі күрделі кезеңде халықты сабырлы, жауапкершілікті, бірлікке үндейтін сөздер айтты. Кез келген дағдарыс – жаңа мүмкіндік. Сондықтан, әр азамат өз ісінде тәртіпті, елшіл, байыпты болуы қажет. – Бұл қиындық та өтеді. Біз бәрін еңсереміз. Ең бастысы – жауапкершілік, тәртіп және ортақ мақсатқа адалдық, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы – Тәуелсіздік тарихындағы айтулы белес. Бұл ұйым елдегі тұрақтылық пен татулықтың нақты тірегіне айналды. Сессия соңында Мемлекет басшысы бірқатар азаматты жоғары мемлекеттік наградалармен марапаттады.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan» Cyper akorda.kz
сайтынан.

6 мамыр 2025 жыл Жаңа Тағайындау



Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңының 29 бабының 1 тармағына, 30-бабының 1 тармағына сәйкес ӨКІМ ЕТТІМ: Конкурстық комиссияның оң қорытындысын алған Куанышбаев Айдос Каргулулы 2025 жылдың 28 сәуірінен бастап Ақтоғай ауданы әкімінің орынбасары (Е-1 санаты бойынша №1-3) болып тағайындалсын.

Ақтоғай ауданының әкімі
А.Аманжолов.

Куанышбаев Айдос Каргулулы Нұркен селолық округінде 21.05. 1977 жылы дүниеге келген.

Білімі жоғары. 1998 жылы Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университетінің «Әлеуметтік педагог, практикалық пси-холог мамандығы бойынша білім алған. Еңбек жолын 2000 жылы Балқаш қаласындағы №1 орта мектебінде психология мәнінің мұғалімі болып бастаған.

2006 жылдан 2008 жылға дейін аталған мектепте әлеуметтік педагог қызметін атқарған.

2008 жылы Балқаш қаласы №1 мектепте директордың орынбасары, 2009 жылы «Балқаш қаласының білім бөлімі» ММ бас маманы, 2012 жылы «Балқаш қаласының білім бөлімі, дене тәрбиесі және спорт бөлімі» ММ бас маманы, кейін аталған бөлім басшысының орынбасары қызметін атқарған.

2015-2021 жылдар аралығында «Балқаш қаласының білім бөлімі» ММ басшысының орынбасары, 2021 жылы Балқаш қаласындағы Қарағанды қаласы білім басқармасының «Сарыарқа дарыны» өңірлік ғылыми-практикалық қосымша білім беру орталығында директор болған.

2023 жылдан осы уақытқа дейін «Ақтоғай ауданы білім бөлімі» ММ басшысы болып қызмет атқарған. Отбасылы.



Ұлы Жеңістің төл құрдасы

Еңбек ардагері Жеңіс (Балғабай) Ерубайұлы жайлы

Менің кейіпкерім екінші дүние-жүзілік соғыстан кейін, Ұлы Жеңіспен қатар өмірге келген ұрпақ.

Өмір белестерінен сыр шертіп көрсек: Төлқұжаттағы есімі –



Жеңіс. Ауылдастары Балғабай деп атап кеткен. 1945 жылдың 9 мамырында Ақтоғай ауданы Қызыларай ауылында дүниеге келген. Әкесі –Ерубай. Анасының аты Рымжан. Ауыл мектебін тәмамдаған. 1965 жылы мектеп бітірген соң Қарқаралы қаласындағы зооветтехникумға оқуға түсіп, осы мамандық егесі болған. 1967 жылы Кеңес әскері қатарына алынып, 1969

аламыз. Шіркін-ай, ол кезде жастарымыздың жалындап, жұмыс қайдалап, білекті сыбанып тұрған уақыттары еді ғой. Сол замандарда мектеп бітіруші жастар совхоздың алға шығуына белсене жұмыс жасап, бригада құрып, қалаға шабылмай, ауылда қалып қоятын. Әрине, ол бригада құрылады, нағыз еңбек майданы сол уақыттарда қызу жүріп жатушы, – еді деп өткенге бір көз жүгіртіп қояды. Ол кезде

Тіптен ауылға шөп шабуға келген тракторларына мініп алып, мен ана ағатайдай шөпші боламын, мен мына ағатайдай шөп престоуші боламын, – деп әкелеріміздің маңдай терін көріп өскен баламын. Балғабай ата мен туған Әмірхан елді мекенінде сонау 80-ші жылдардан мекен етеді. Кейін елдің бәрі «тұрымтай тұсына» кеткен сәтте әкеміз сол жерде «Әмірхан» шаруақожалығын құрып, бала-шағасына, туған жерге түрен салудың жолын көрсетті. Міне 30 жылға аяқ басып келеді. Менің әкеммен (Метай Елеусізов) бірге Әмірхан баурайында отыз жылдан бері, көрші болып, ұрпақтарына

көрсеткішін неше тонна мал азығы дайындалғанын жазып, түзету енгізіп жіберіпті. (Оны мен қайдан білем, қазіргі қаламыма демеу берген ағаларыма мың алғыс). Бар білетінім, бригадир Балғабай Ерубайев мықты ұйымдастырып, тапсырманы орындата білгендіктен, біздің Қызыларай шөпшілері алда келеді, – деп сықитып қойғанымды айсаңызшы. Міне, араға ширек ғасырдан аса уақыт салып, сол Еңбек ардагері Жеңіс (Балғабай) Ерубайев туралы жазудың сәті түсті. Оның үстіне әкеміз 9-мамыр күні, Ұлы Жеңіс күні мерейлі 80 жасқа толып отыр. Иә, Ұлы Жеңістің құрдасы- ЖЕҢІС ақсақал



1985 ж. Бригадир Б.Ерубайев бір топ қызыларайлық механизаторлармен бірге



жылы әскерден келген. 1970 жылы отанасы Ыбырақымова Шәмшіқайынмен отбасын құрған. Отбасында анамыз екеуі 7 бала тәрбиелеп өсірген, немере-шөберелері бар.

Балғабай ақсақалды сөзге тартқанымда: – Еңбек жолымды сол кездегі совхоздың, туған елдің өсіп өркендеуіне арнадық. Бала кезімнен техникаға үйір болғандықтан шығар, менің жаным ыңғайлысы трактор жүргізу болды. 1984 жылға дейін «Әмірхан» фермасында тракторист, трактор бригадирі, ферма меңгерушісі болып жұмыстар атқардым. Ол уақытта партия тәртібіне бағыну заңдылық, жұмысты жұп-жұмыр етіп орындау міндет. Бригадир бола жүріп совхоз жұмысының алға ілгерілеуіне

қазіргідей техника дамымаған, бәрі қолмен жасалатын. Әй, сонда да жастарымыз қажыр-қайратымен еңбекке құлшынып-ақ тұрушы еді. Талай шәкірттер тәрбиеледік қой, солар уақыт өте келе білікті механизаторлар болып шыға келді. Кейін заман ағымына қарай жеке шаруақожалықтары құрылғанда сол кездегі тәрбиелеген жастарымыз, білікті маман болып техниканың құлағында ойнап, қазір рахметтерін айтып қояды. Еңбекке тастай тәртіппен бағындырғанымызға айтады ғой алғыстарын. Сол шақтарда еңбегіміз елеусіз қалған жоқ, совхоз атынан талай мақтау, марапаттардың егесі болдық, – дейді еңбек ардагері Жеңіс ақсақал. – Еңбек торысы атанған Балғабай әкемізді мен бала кезімнен білемін.

үлгі болып, нағыз еңбектің ащы тері ауылда екендігін дәлелдеп келе жатқан – еңбек адамдары. Әңгімені неге көрші болғанымнан бастады десеніз, Балғабай әкемізді қай қырынан жазсам да мен, ол кісінің еңбегін көзіммен көріп өскен жан болғандықтан, нақты боямасыз жазамын. Тіптен, осы сәт есіме түсіп кетті-ау, сонау 1993 жылы совхоз тарамған уақыт. Мен 1-курс студентімін. Жазғы журналистік еңбек тәжірибеде жүріп жазған алғашқы тырнақалды мақалам «Шөпшілер» деген атаумен жазылған. Кішігірім суреттеме еді, қазіргі қарашаңырағым, ол кездегі «Арқа еңбеккерінің» редакторы ма, бөлім меңгерушісі ма, қаламгер ағаларымның бірі сол шағын мақалама Қызыларай совхозының

мерейлі жасқа толуыңызбен. Ақсақал бүгіндері сол Әмірхан елді мекенінде қойын қоралатып, төлін қоздатып, бала-шағасының ортасында Шәмшіқайын анамызбен бірге мамыражай өмір кешіп жатқан бақытты отбасы. Әлі де тың, сол қызу еңбек майданының ортасында, бала-шағалары да әке-аналарымыздың тәрбиесін алып жан-жақта еңбек жасауда. Алла тіл-көзден сақтасын өсіп-өнген әулет. Немерелері де мектепте үздік оқиды, түрлі байқауларға қатысып жүргенін құлағымыз шалып қалады.

Шәмшіқайын анамыздың отбасындағы орны бөлек қой, шіркін. Барша ел біледі, анамыз үнемі үлкен-кіші демей айналып-толғанып отырады. Дастарханы, қонақжайлығы өз алдына бір төбе. Барлық ұлттық тағам түрі шешеміздің дастарханынан үзілмейді. Шіркін, біздің аналар аман болсын. Сөзімнің соңын Жеңіс ақсақалдың әркез беріп жүретін батасымен аяқтайын: – Жастарымыз Абай бабамыз өсиет еткендей, алғыр ойлы, саналы, қажыр-қайратымен адал еңбек ететін және отбасынан бастап, барша адам баласына мейірімді, жүректі азамат болып өсе берсін, Отанымыз аман, еліміз тыныш, бейбітшілік заман болсын.

**Гүлнар Метайқызы
ҚР Ақпарат саласының үздігі,
Қызыларай ауылы**



Естен кетпес екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына – 80 жыл. Яғни, Ұлы Жеңіске – 80 жыл. Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Сол заманында

қаншама жанның өмірін қиды, қаншама жан мүгедек халге түсті. Тіпті, аман-есен оралып келгендердің ойларында от оранған күндердің елесі қалды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке.

аналар тылда ел үшін, майдан үшін, жеңіс үшін деп қараңғы түнге дейін еңбек майданында жұмыс жасады. Бізді бала деп емес, елдің бір жағынан демеу болар азаматтардай қарап, егін салуға, шөп шабуға қатыстырды. Әкеміз Әзімбаев денсаулығына байланысты майданға бармаған, – дейді. Дегенмен ер адамның колкүші тапшы уақытта күн-түн деместен тылда еңбек жасап, 1945 жылы ақпан айында өмірден өтіпті. Отбасында 4 ағайынды едік. Үшеуі қыз, ұлдан өзім жалғыз болдым. Анам Әкімқызы Балатай жайлы, ол кісілердің ауыл майданындағы еңбегі, ерлігі өз алдына бір төбе. Барлық еңбек күштерін

көргенімізді көрмей, бақытты өмір сүрсін деймін, – деп атам терең күрсініспен өткен шақты еске алып, көкірегін мұң басады. Соғыстан кейін де жайлы өмір кешіп кетпегеніміз мәлім ғой. Соғыс салған жараның орны оңайлықпен толмасы белгілі. Ел қатарлы қиындықты да, қуанышты да қатар көріп бүгінгі күнге жеттік. Мен бақытты жанмын, қарағым. Бабалар аңсаған Тәуелсіздікті көріп, ұрпақтарымыздың бақытты шағының куәсін тамашалаудамын. Бұл күнге де шүкір, – деп әңгімесін тәмамдады. Атам уақытырқына қарай бейбіт өмірде біраз жұмыстар атқарған. 1951 жылы Шығыс Қоңырат елді мекенінде

Жойылсын жалғыз сөз соғыс деген

Бұл мереке – бейбітшіліктің және қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын дәлелдейтін, Отанын қорғаған жауынгерлер мен офицерлердің айбынын, Жеңісті жақындатқан тыл еңбеккерлерінің мәңгі өшпейтіндігінің белгісі болып қалмақ. Сол бір сұрапыл жылдары Қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген перзенттік парыздарын, ұлттық мақтаныштарын дәлелдеді. Біздің ата-әжелеріміздің ерліктері мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі ұрпағы үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі деп ойлаймын. Ұлы Жеңістің 80-жылдық мерейтойы қарсаңында мен бүгінде торқалы тоқсанға келіп отырған атам, сұрапыл соғысты көрмесе де жанымен сезіне білген, белі қайысып балалық шағын өгіз арбаның басында, тылда өткізген Әмірзақ Әзімбаев жайлы жазып, атамның өз аузынан айтылған естеліктерді қағаз бетіне түсіріп, ұрпаққа ақсақал әңгімесінен сол заманның қиын-қыстау күндерін, ештеңеде еңбексіз, маңдай терсіз келмейтінін үлгі етпекпін. Атам, Әзімбаев Әмірзақ 1929 жылы 11 мамырда Ақтоғай ауданының Сарытерек ауылында дүниеге келген. Заманның сұрапыл шағымен балалықтың балдәурен шағы қатар келген уақытта, балалықтың дәмін татпастан-ақ еңбек майданына 9 жасында араласып, өгіз басын ұстап, соқамен жер жырттып елде қалған аналарына қамқор қорған болған екен. Уақыт емші ғой, уақыт өте келе айтуға оңай болып келеді. Ол заманда дұшпанның да басына бермесін, – деп атам әркез терең күрсініспен еске алады. Ер азамат жоқтың қасы, ала-таңмен арпалысып аналарымыз бізді де оятып егін басына алып кетеді. Ауыр еңбекпен аштық та қатар жүрді. Оған да қарамастан, қайран біздің



дала майданындағы ерлердің тамағының тоқтығы, көйлегінің көктігіне арнаған жандар ғой, шіркін, – деп еске алады атам. Аналарымыздың қайсысы болмасын күндіз қырда, түнде қолдан келгенше іс тігіп балаларын, айналасын бозторғайдай қорғаштаған асылдар ғой. Анам бейбіт өмірді көрген жан, 80 жасқа келіп қайтыс болды. Өзімнен үлкен Әзімбайқызы Жақсыбала деген апам және Әзімбайқызы Орынбала, Әзімбайқызы Шайза деген қарындастарым болды. Әкем қайтыс болғанда мен 13 жастағы бала едім. Қысқа қарай бойдақ малдарды бақтым. Біздің өмір жолымыз өте ауыр болды. Ішсек тамаққа, кисек киімге жарымадық. Ендігі келер ұрпақтарымыз біздің

әр түрлі жұмыстар атқарған. 1961 жылы елге келіп ДЭСУ мекемесінде жүргізуші болып, 1989 жылдың тамыз айында зейнеткерлікке шыққан. Сұрапыл шақтардың куәгері атам «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерен еңбегі үшін» медалімен 1946 жылдың қыркүйек айында, «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 50, 55, 60, 65, 70, 75 жылдығы» мерекелік медалдарымен марапатталған. «Қазақстан Республикасы Президентінің» медалімен 1995 жылдың сәуір айында марапатталыпты. 1941-1945 жж. «Соғыс ардагері» Белгісімен 1999 жылдың қазан айында, «Еңбек ардагері» медалімен 1985 жылдың шілде айында марапатталған. Қан мен тер төге отырып жеткен бұл Жеңіске атам Әмірзақ ақсақалдың қосқан үлесі зор. Әжем Хасенова Ханшайым Сәмбетбайқызы екеуі 2 ұл, 1 қыз тәрбиелеп, өсіріп, қазіргі уақытта 5 немере, 11 шөбере көріп отырған бақытты жан. – Әрине, бұл Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Ол қаншама ер-азаматтардың қасық қанымен, маңдай терімен келген Жеңіс. Биылғы Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерекесін де Алла жеткізсе көрейін деп отырмын. Біз үшін, ұрпақ үшін бабалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды және ұмытылмақ емес. Жеңіс күні – абырой мен даңқымыздың мерекесі, – дейді атам. Бүгінде тоқсанның төріне аяқ басқан атамның кеудесіндегі ерлік медалдарын көріп, менің кеудемді қуаныш билейді. Қуанып қана қоймаймын, мақтанамын, атамның бізге бейбіт өмір әперуге төккен әрбір тамшы теріне адал болуды, Отанымның патриоты болуды мақсат етемін. 9 мамыр – мереке ғана емес, бұл халықтың батырлығы, бұл жанкештілікпен жеңіске жету жолындағы ерен еңбек. Біздің азаматтық парызымыз – бұл күнді мәңгілік есте сақтау, Отанды сүю, елдің, жердің адал перзенті болу.

Немересі – Әзімбаева Гүлден Әмірбайқызы, Ақтоғай ауылы.

Ұлы Жеңіске – 80 жыл

Ұлы халықтың Ұлы жеңісі

Бүгін – Жеңіс. Ұлы халықтың ұлы Жеңісіне – 80 жыл. Естен кетпес ең сұрапыл соғыстың өткеніне 80 жыл толды. Бұл соғыс қаншама жанның өмірін қиды, халыққа ғасырлар бойы ұмтылмастай із қалдырды. Ұлы Отан соғысы совет халқының және оның қарулы күштерінің алдында тұрған үлкен сын. Қатал да сұрапыл соғыс бүкіл әлем тарихында алтын әріппен жазылғаны баршаға аян. Германия фашизмі Отанымызға тұтқиылдан шабуыл жасағанда оның армиясы, мықты қаруланған, соғыс жүргізуден мол тәжірибе жинақтаған армия ретінде соғыс ашты. Тарихта бұрын болып көрмеген соғыс, біздің туған жерімізде, біздің туған қалаларымызда болып өтті. Москва түбіндегі, Сталинград, Курск шайқастарында біздің жауынгерлер Гитлердің жеңілмейміз деген сандырағының күлін көкке ұшырды. Совет армиясы зор құрбандыққа ұшырай отыра отанымыздың қарыс қадам жері үшін табандылықпен шайқасты. Фашизмді біржола талқандап Рейстагқа жеңіс туын тікті. Біздің ауданымыз соғыс жылдарында жеңісті жақындатуға үлес қосқан,



тылдағы Қазақ Республикасының майданға астық пен ет, сүт басқа да бағалы өнімдер берген тамаша бір бөлігі ретінде қажырлы еңбегімен көзге түсті. 1943 жылы аудан майдан үшін жақсы қызмет атқарып СССР Қорғаныс Комитетінің және СССР үкіметінің Қызыл туын жеңіп алды. Ауданымыздан қаншама жастарымыз өз еріктерімен, жерімізді, елімізді неміс басқыншыларынан қорғау үшін майданға аттанды. Сол жауынгер

жастардың қатарында Совет Одағының батыры Қазбек Нұржанов бастаған жүздеген жауынгерлер қан кешкен майдандарда жаумен қаһармандықпен шайқаса білді. Біздің ауданымызда Отан деп соққан жүрекпен еңбек етіп, соғысқа 9-танк, 1-самолет жөнелткен аталарымыз бар. Олар қазақша күрестен жауырыны жерге тимеген Жантулақов Моншақбай атам, Ұлы Отан соғысы кезінде майданға өз қаражатына бір танк

жасатып, бас қолбасшы Сталиннен алғыс хат алған. Әмірханов Қазкен 1944 жылғы тарихи бастаманы қолдап майданға Шомақбаев Сейдіғазым, Әбілдин Адамия, Әбдіхалықов Әйнек, Алдабергенов Ақынтай, Телібаев Токберген, Жақсыбеков Мәни, Ахметов Әшімхан «Қазақстан Танк Колониясына» аталарымызда өз қаржыларынан танк жасаттырды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында өзінің өлеңдерімен тылдағы елдің рухын көтерген, айтулы шешен, асқан жыршы домбырашы Кенішбай ақын айтыстардағы жеңістерінен алған сыйлық қаржысын Отан қорғау қорына аударып самолет жасаттырып, майдан даласына жөнелткен.

Бізді Жеңіске жеткізген ата-бабаларымызға мың алғыс. Осынау бейбіт өмірде баққатты өмір кешуіміз Қазақстан жауынгерлерінің батырлығы мен ерлігі. Ұлы Жеңіс бізге қымбатқа түсті, сол үшін де бұл күн біздің әр қайсымыздың жүрегімізде мәңгі сақталады.

**М.Супиянова,
Ақтоғай археологиялық-этнографиялық музейінің қор сақтаушысы.**



Ана қуанса – әлем қуанады

7 мамыр - Қазақстан Республикасының Отан қорғаушылар күні. Бұл тәуелсіз еліміздің өзіндік қорғаныс қабілеті бар екенін білдіретін мереке. Бұл күннің мереке ретінде аталып өтуіне 1992 жылдың 7 мамырында тәуелсіз елдің заңдық құқықтарының негіздеріне және тәуелсіз мемлекеттер достығына қатысушы мемлекеттер арасына қол жеткен келісімдерге байланысты ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығы себеп болды. Отан қорғау жолында кез келген ер-азамат әскери борышын өтеуге асығатыны сөзсіз. Ұлық мереке қарсаңында Отан қорғау жолында, еліміздің тыныштығын күзету мақсатында жүрген ұлдарымыздың қызмет орындарынан ауылымызға сүйіншілеген хабар келіп жетті. ҚР Әскери полициясы мен Отан қорғаушылар күні және Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында ауданымыздан екі ұстаз – Кенжебекова Қарлығаш Алшымбекқызы, „Офицердің анасы“, төсбелгісімен және Сағынаева Гүлмира Боранбайқызы „Отан қорғаушының анасы“, төсбелгісімен марапатталды. Бұл қуанышты жағдай – Ұлылар мекені Ақтоғайымызда балаларымызды отансүйгіштік пен адалдыққа тәрбиелейтін аналарымыздың еңбектерінің өтеуі деп білеміз. Мереке қарсаңында ата-аналарға Алғыс хаттар да көптеп келіп жатыр. Совет Одағының қос батыры туған елде, жарық жұлдыздай батырларымыздың жарқырай көрінуі, Ақтоғай елі үшін заңдылық.

Айбын Жаманхан
Ақтоғай ауылы



Ұлы Жеңіске – 80 жыл

Сөнбейді әке, шырағың

....Соғыс бітті, біткенде ме бар айып, –
Соғыс, соғыс... ұмыттырмас ол атын.
От өкен соң осылайша қарайып
Орны қалар болатын.
Ұмытар ем соғыс атын, ел оны
Бес құрлыққа таратыпты бес бөліп.
Және соғысты ұмыттырмай келеді
Әкелер жайлы естелік.

Жүмекен Нәжімеденов.



Әрине, ел басына күн туған шақта иықтарына қаруын асынып, Ұлы Отан соғысының майдан даласында гитлерлік неміс басқыншыларына қарсы шайқастарға қатысқан әкелер жайлы естелік ешқашан да ұмытылмас анық. Өз басым, сұрапыл соғысқа қатысқан майдангер әкенің ұлы болып туғанымға қуанатыным рас. Жыл сайын 9 мамыр – Жеңіс күнін атап өту жақын қалды дегенді естісем болды, көңілімде майдан даласындағы соғысқа қатысқан батыл да қайсар жүректі әкемнің қуанышты мерекесі күні келе жатыр деген сезім жасайлай бастайтыны жасырын емес.

Есімде қалғаны, әкемнің басқа мереке күндерін қалай атап өткендерін қайдам, соғысқа қатысқан ардагер әкелеріміздің құрметіне арналып, 1985 жылғы 9 мамыр күні Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 40 жыл толу мерейтойы ерекше сезімде атап өтілді. Дәл сол жылы көктем ерте шығып, батыр әкелеріміздің мерекесі күні аудан орталығында киіз үйлер тігіліп, барлық шақырылған соғыс ардагерлеріне зор құрмет көрсетілді. Құттықтау сөздер мен игі тілектер

арналып, ардагерлердің орден мен медаль толған кеуделері тағы бір «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 40 жыл!» медалімен толықты.

Әкем Алишымбек Кенжебеков 1914 жылы туған. Ұлы Отан соғысы басталмас бұрын, Кеңестер Одағының Қызыл Армия қатарына алынып сап түзейді. Алғашқы әскери өмірін 1940 жылдың қазан айында қатардағы жауынгер А.Кенжебеков Қиыр шығыс майданы бағытындағы 51-ші Әуе базасына қарасты 2227-ші Әуе полкінде рота командирінің саяси жетекшісінің орынбасары қызметінен бастаған. Оңтүстік Батыс майданы бағытындағы №846 атқыштар полкінің құрамында взвод командирі лауазымына дейін



көтеріледі. Оңтүстік майдан бағыты бойынша түрлі ұрыстарға қатысқан 35-ші Қызыл Тулы Гвардиялық дивизия сапында да взвод командирі лауазымдық қызметін атқарады. Әкем Алишымбек Кенжебековке тиесілі әскери құжатында көрсетілгеніндей, Уральск әскери округіне қарасты 15-ші танкілік полк құрамында зеңбірек (орудия) командирі болған. Одан әрі әкем Ұлы Отан соғысы Жеңіспен аяқталып, еліне қайтқан күніне дейін № 14725 атқыштар полкіндегі взвод командирі міндетін абыроймен атқарады.

Жаумен соғысудан еш бас тартпаған әкем Алишымбек соғыста бір емес, үш рет жараланған. Алайда, осынышама

жарақат алғанына қарамастан, қайтпас қайсар мінезді әкем 1945 жылғы 9 мамырдағы Ұлы Жеңіске қол жеткізген күнге дейін қолындағы қаруын тастамаған, I дәрежелі Ұлы Отан соғысының ордені мен «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының жылдарындағы фашистік Германияны жеңгені үшін» медалінің иегері атанған әкем Алишымбек Кенжебеков соғыс аяқталған соң, бір жылдан кейін 1946 жылы туған еліне аман-есен оралады.

Бала кезімізде үйдегі барлық мектеп жасындағылар бірігіп, соғыстың майдан даласын өз көзімен көріп қайтқан әкемізді қаумалаған күйде соғыс жайында айтып беруін өтініп, таусылмас сұрақтардың

бөлек. Сол майдангер әкелердің арқасында 1418 күнге созылған сұм соғыста қол жеткізген Ұлы Жеңіске биыл, 80 жыл толады.

Көзі тірісінде әкем Алишымбек өзінің орден мен медальдарын тағып алып, ауылдағы соғыс ардагерлерімен бірге жүретін еді. Бала кезімде өз басым, отбасымыздағы ер балардың ішіндегі ең кенжесі болғандығынан болар, әкем орден мен медальдарын жарқыратып салтанатты жиындар мен кездесулерге бет алса, мен де қалыспауға тырысатын едім. Сондағы бар ойым, бой түзеген соғыс ардагерлері қатарынан кеудесі орден мен медальдарға толлы өз әкемді басқаларынан биік санайтынмын.

Асқар таудай бола білген, өзінің сөнбес шырағын қалдырған әкем Алишымбек Кенжебеков 1988 жылдың көктемінде, 74 жасқа жеткен шағында қайтыс болды. Бүгінгі күнде әкемнің артында қалған ұрпақтары бір қауым ел болып отыр.

Ұлы Отан соғысына нағыз ержүрек жауынгер ретінде қатысқан әкем Алишымбек Кенжебековты бүгінде еске ала отырып, күн өткен сайын қатарлары сиреп бара жатқан соғыс ардагерлерін ардақтау мен оларға құрмет көрсету, жаудан Отанды қорғау кезіндегі жарқын істері мен жанқиярлық ерліктерін ел келешегі жас ұрпаққа ұлағаттау – әрбір азаматтың басты парызы, әрі міндеті деп санаймын!

Соғыс тақырыбына арнап көптеген әндерді жарыққа шығарған әнші, сазгер Жақсыгелді Сейілов «Әке туралы ой» әнінде:

«Тағдырдың кеуде тіреп жартасына,
Біз үшін түскен майдан ортасына.
Алаңсыз салып сайран шалқып жүрміз,

Біз бүгін әкелердің арқасында....» - деп, ой түйеді. Ия, расымен де майдан даласында от кешкен әкелеріміздің арқасында қол жеткен Ұлы Жеңіс кейінгі ұрпаққа тыныштық әкелгені үшін қасиетті.

Айтарым, әкемнің жағып кеткен шырағының мәңгілік сөнбесі анық!

Тілек Кенжебеков
Қазақстан Республикасы Қарулы
Күштерінің ардагері.


Ер есімі- ел есінде

Ерлік елге мұра, ұрпаққа өнеге

Ұлы Жеңістің 80-жылдығы қарсаңында Сербия мемлекетінен біраз қазақстандықтар үшін сүйіншілеген хабар келіп жетті. Менің нағашы атам Абдығалымов Қажкарім (Кәрім) – Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылы, Ақтұмсық бөлімшесінің тумасы. Ұлы Отан соғысы кезінде майданға 1943 жылы аттанып, содан хабар-ошарсыз кеткен еді. Көп жылдар бойы із-түссіз жоғалғандар қатарында болды. Алайда, арада 80 жыл өткен соң, оның Сербия мемлекетінің аумағында жерленгені анықталып, жатқан жері туралы қуанышты хабар жетті. Атамыздың сол жақта Отан үшін жан беріп, ерен батырлықпен көзге түскен жауынгерлердің бірі екені көрсетіліп “За отвагу” медалымен марапатталғаны белгілі болды. Осы хабарды естігеннен кейін, сонау Сербия еліне немере бауыры Акимов Құрмет Тәңірбергенұлы барып, кіндік қаны тамған жерден бір уыс топырақ салып, жерленген жерінен бір уыс топырақ алып, туған жері ата жұртына, бір уыс топырағын жеткізгеніне ерекше ризашылығымды білдіріп, алғысымды айтамын.



30 сәуір күні Қарағанды облысында, Аманат партиясының ғимаратында, «Ата аманаты» қоғамдық бірлестігі ұйымы ұйымдастырған, салтанатты жиын өткізіліп “Ер есімі- ел есінде” ұрпақ санасына тағы бір жаңғыртып, аталған елден әкелінген топырақ ұрпақтарына



табысталды. Содан кейін, Кәрім атамыздың бауырлары, жиен немерелері болып Сарытерек ауылының маңайына, ата бабалары жерленген орынға, ескерткіш қойып, Сербия мемлекетінен әкелінген бір уыс топырақ сол жерге салынды. Бүгінгі таңда Кәрім атаның артында қалған жалғыз тұяғы – қызы, менің анам Кәрімова Күлшікен Балқаш қаласында тұрады. Он құрсақ көтерген батыр ана, Алтын алқа медалінің иесі. Бүгінде анам 85 жасты алқымдаған батыр ана. Отан үшін от кешкен ерлер есімі, олардың ерен еңбектері ешқашан ұмытылмақ емес. Ата баба рухына тағзым, ұрпақ парызы.

**Жиен немересі Бегдербеков Ақтілеу
Кәрібекұлы.**

Бірі соғыстың, бірі тылдың ардагері еді

Өткен ғасырдың 15-20-шы жылдарының басында дүниеге келген алдыңғы буын ата-әжелеріміз кедейшілік қамытын киген отбасында өсіп, ел басынан өткен небір зобалаңдардың тікелей куәгерлері болғанын олардың кез келгенінің өмір тарихтарынан оқып, білгенбіз. Және бәрі бірдей сауатты болған еді деп айта алмаймыз. Тігерге тұяғы, ішкерге асы жоқ байғұстардың балаларын оқыту тұрсын, олай ойлауға да мұршасы болған жоқ. Көзі ашық, көкірегі ояу кейбіреулері, я болмаса жиған-терген байлығы бар ауқаттылардың ғана балаларының білім алуға мүмкіндігі бар еді. 1917 жылғы қазан төңкерісі елді жаңа өмірге үндеген кезеңде ғана жарлы-жақыбайлардың балаларына алғашқы ұйымдастырылған сауат ашу мектептерінде әріп тануға қолы жетті. Бұл жайды бекерден бекер қозғап отырғамыз жоқ. Ауданымыздың экономикасын өркендетіп, әлауқатын көтеруде талай әке-аналарымыз өмірін сарп етіп, қызмет жасады, бүгінгі біздердей ұрпақтарына бақыт сыйлады. Олардың өнегесі толы өмірбаяндарын парактап көрсек, бәрінің де өз қолтаңбасы, ғибратты, ұлағатты іздері сайрап жатыр. Солардың қатарында иісі Ақтоғай жұртына танымал Исахановтар әулеті туралы да айтар тағылымды жайлар жеткілікті. Себебі, әулет отағасы Исаханов Есімбек әкеміз бен отанасы Өтеева Әскулә осы топырақта туып-өсіп, саналы ғұмырларын ауданымыздың өсіп-өркендеуіне жұмсаған, елінің есінде елеулі еңбектерімен қалған аяулы жандар. Бірі соғыстың, екіншісі тылдың ауырпалығын өзгелермен қатар иықтарымен көтеріп, жеңісті жақындатуға өз үлестерін қосқан. Есімбек әкеміз 1910 жылы сол кездегі Семей губерниясына қарасты Қарқаралы уезінің 8-ауылында, жоғарыда айтып өткеніміздей кедей шаруа отбасында өмірге келіпті. Жаңа



ғасырдың 2010 жылында туғанына 100 жыл болса, биыл 105 жыл екен. Қаратануға мүмкіндігі келіп, төрт кластық сауат ашу мектебін аяқтаған. Сол мектепте оқығанының пайдасы тиіп, 1928-30 жылдарда ол кісіні жаңа өкімет Шұбартау ауданындағы сауат ашу мектебіне мұғалімдікке жұмсайды. Мұғалімдікпен бірге өзінің де білімін арттыру ойынан шықпай, 1930-34 жылдары Семейдегі мұғалімдер даярлайтын училищеге түсіп, қолына диплом алады. Жас, жаңа даму жолына түскен мемлекетке сол кезеңде білімді, оқыған жастар көп керек еді. Оларды аяғынан қаз тұра бастаған елдің экономикасын көтеруге қызмет етуге жұмсады. Е.Исахановта сондай ұйғарыммен 1935-42 жылдары Қарқаралы ауданының «Көктас» кеңшарындағы орталау мектепте директор болып оқу-ағарту саласын өркендетуде табандылықпен қызмет етті. Ал, 1942 жылы өз еркімен сұранып, фашист басқыншыларына қарсы соғысқа аттанады. Қарт Жамбыл ақын жырына қосқан Ленинград блокадасына қатысушы жауынгер Волхов майданында жанқиярлық шайқастарға араласады.



Осылайша 1945 жылға дейін жерімізді жауға тапталмай, ел шебін қорғаған ол, «Ұлы Отан соғысының 1 дәрежелі» Орденімен, «Ерлігі үшін» және «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталып, туған елге оралған. Қанды қырғыннан аман қайтып келген соң да тынығу дегенді ойламастан өкімет жұмсаған жауапты учаскелерде қызмет атқарды. Олардың ішінде жоспарлау және сауда бөлімі, тұтыну қоғамының меңгерушісі, бас ревизоры, жол жөндеу мекемесінің басшысы сынды қызметтер бар. Одан кейін Қоңырат аудандық сақтандыру мекемесінде есепші болды. Осы жерден зейнеткерлікке шықты. Әскулә апамыз да өңіріміздегі азаматтармен бірге атқа мініп, ел басқару ісіне араласқан санаулы әйел аналардың қатарында жауапты қызметтер тізгінін ұстаған. Кезінде ауданның әр жылдардағы мерейтойларында анамыздың ауданның саяси-әлеуметтік өміріне қосқан ерен еңбектері жайлы талай мәрте жазылды. Партияның тапсырмасына орай партия ұйымдарында еңбек етті, мұғалім, оқу үйінің меңгерушісі секілді жа-

уапкершілігі жоғары орындарда жұмыс жасаған. Ұлы Отан соғысы басталғанда тылда соғысқа кеткен басшы азаматтардың орнын басып, күндіз-түні бел шешпей, елді жеңіске жігерлендірді. Соғыс аяқталған соң да 1946 жылы аудандық партия комитетінің әйелдер арасындағы жұмыс бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалып, ал кейінде елімізде тың жерлерді игеру кезінде нұсқаушылық қызмет атқарды. Түзде өкіметтің жұмысы, үйде бала-шағасының қамы мен ерінің алаңсыз қызмет етуіне жағдай жасау оңайға соқпаса да Әскулә апа бәріне үлгерді, абырой мен жауапкершілікті бәрінен биік ұстанды. Отбастарында 10 бала дүниеге келіп, шалы екеуі балаларын қатарынан кем қалдырған жоқ. Бәріне жоғары білім әперіп, еліне лайық тұлға болып өсіп, бүгінде немерелер де ата-ана ізін жалғап келеді. Өкімет Ә.Өтееваның да еңбегін бағалап, «Батыр ана» және еңбек ардагері атанды, «Тың жерді игергені үшін», «Еңбектегі ерлігі үшін» медальдарын тақты. Иә, сұрапыл соғыстың оты өшіп, күлі көшкеніне де 70 жыл толды. Соғыс лаңы тарих қойнауына сіңіп бара жатса да, оның асқан ауыртпалықтарын бастан кешіп, куәсі болған жандардың есімін ешқашан естен шығару мүмкін емес. Соғыс туралы естелік бізге сол аяулы жандардан жеткендіктен, олар жүрегімізде әрдайым сақталып жүретін болады. Бірі соғыс, бірі тыл ардагері болған Есімбек Исаханов пен Әскулә Өтеева туралы да осылай айтар едік.

Сәбила Нұржанова.

Мақала 2015 жылы аудандық «Тоқырауын тынысы» (16 қазан. №44) газетінде жарияланған. PS: Бүгінде ұрпақтарының тарихты қайта жаңғырту, ата-ана еңбегін болашаққа үлгі ету мақсатында мақала қайтадан көшіріліп жарияланды.

«Алтын жас» ұсынған мүмкіндіктер

Биылдан бастап «Алтын жас» жобасы қолға алынып, өңірдегі зейнеткерлерді жұмыспен қамтуға баса назар аударылып отыр. Жалпы, бұл жоба халыққа не береді? Жоба жұмыс іздеп жүрген зейнеткерлерге арналған.

12.12.2024 жылы Қарағанды облыстық мәслихатының XX сессиясының «2025-2026 жылдарға арналған «Алтын жас» зейнет жасындағы адамдарды жұмысқа орналастыру Бағдарламасын бекіту туралы» шешімі шыққан болатын.

«Алтын жас» бағдарламасы Қарағанды облысы бойынша алғашқы рет пилоттық режимде жүзеге асырылып отыр. Аталған бағдарлама зейнеткерлік жастағы адамдарды жұмысқа орналастыруға арналған. Бұдан былай зейнетке шыққандар осы «Алтын жас» жобасы арқылы жұмысқа тұра алады.



Бірақ, мемлекеттік мекеме емес, жекеменшік мекемелеріне. Жоба аясында жұмыс істеп жатқан зейнеткерлер Қаржы министрлігінің «2025-2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заң аясында бекітілген ең төменгі жалақы мөлшерінен аспайтын мөлшерде жүргізіледі. Яғни, 85 000 теңге. Жұмыс беруші тағайындаған еңбек ақының 50%-ы жоба аясында субсидияланса, қалған 50% жеке кәсіпкер төлейді. Бұл ретте, жұмыс беруші орталықты бір ай бұрын жұмыс уақытын есепке алу табелінде хабардар ете отырып, өз қаражаты есебінен жыл сайынғы еңбек демалысын беруге құқылы. Еңбек демалысы кезінде орталық тарапынан жалақы бойынша төлемдер тоқтатыла тұрады. Жоба аясында ерлер-63 жастан, әйелдер – 61 жастан өтініш бере алады.

Төлем ай сайын есеп айырысу айынан кейінгі айдың 10 күніне дейін жұмыс беруші есеп айырысу айының соңғы жұмыс күнінде ай сайын Орталыққа беретін жұмыс уақытын есепке алу табелі негізінде жүзеге асырылады.

Жалақыны төлеуді жұмыс беруші мен Орталық Бағдарламаға қатысушы ұсынатын екінші деңгейдегі банктердің есеп шоттары арқылы жүзеге асырады.

Жұмыс орындарында Бағдарламаға қатысушылардың мониторингі жұмыс берушінің және қатысушылардың өздері ескертусіз жүзеге асырылады.

Жұмыс берушілер өздері Мансап орталықтарына өтініш береді. Бүгінгі таңда 10 жеке меншік мекемемен келісім-шартқа отырылып, 14 зейнеткер аудан көлемінде жұмыс жасауда.

2026 жылға өтінімдерді жинау Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы бекіткен нысан бойынша биылғы жылдың 1 қазаннан 30 қарашаға дейінгі кезеңде қағаз жүзінде жүзеге асырылады.

**К.Кожабатчина,
Ақтоғай ауданы мансаптық
орталық маманы.**

Түгелбаев Қайыржан Жанболатұлы

24 жасында әріптесіміз Түгелбаев Қайыржан Жанболатұлы кенеттен өмірден озды. Ол Ақтоғай ауылында 2001 жылы дүниеге келген. Қарағанды Мемлекеттік Университетін химия пәнінің мұғалімі мамандығын бойынша бітірген. Әріптесіміздің ұстаздық жолда алар асуы, арманы мен келер ұрпаққа берер білімі мол еді. Қайыржан Жанболатұлы ұстаздық жолын "Т.Ақышұлы атындағы негізгі орта мектебі" КММ-де осыдан 3 жыл бұрын бастап еді. Мектебімізде қадірлі, ақжарқын, ақкөңіл, жаңашыл ұстаз алғырлығымен қоса оқушылар жүрегінен орын алған білікті маман. Санаулы ғана өмір жолында адал еңбек етіп, абыроймен өткізген ардақты азаматтың ата-анасына, бауырларына, туған-туыстарына қайғыра көңіл айтамыз. Жатқан жері жайлы, рухы пейіштің төрінде шалқысын деп дұға бағыштаймыз.

Көңіл білдіруші: "Т. Ақышұлы атындағы негізгі орта мектебі" КММ ұжымы.



Еске алу



Ақтоғай ауылының тумасы, адал дос **Серік Төлеубековтің** арамыздан кеткеніне 40 күннің жүзі болды. «Ажал айтып келмейді» дегендей, күні кеше ғана арамызда жарқырап жүрген жанды сағынышпен еске аламыз. Өмірде өзіндік орны бөлек досымыздың жарқын бейнесі әрдайым біздің жадымызда сақталады. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннаттың төрінде болып, бір Алла иман байлығын берсін деп дұға тілейміз. Қош бол деп айталмадық қолыңды ұстай, Бақұл бол бірге жүрген "жан досымай" Сене алмаймын, сенбеймін "Секімайым" Бір бүйірім сезіледі босқалғандай. Қимамаймыз қатар жүрген досымызай, Бұл тағдыр мойындатар неге осылай, Қатар жүрген күндерді қалжыңды, Сағындыртар біздерге әлі талай Қош бол бауыр адал дос аңқылдаған, Өксік қысып отырмын алқымды алған, Сақталасың достардың жүрегінде, Бұрынғыдай досым-ау "жарқылдаған".


Еске алушылар: достары – Данияр-Венера, Ерлан-Шолпан, Бағдат-Айгүл.

Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебі РО жанындағы интернаты КММ ұжымы осы аталған мектептің директордың шаруашылық жұмыстары жөніндегі орынбасары Түгелбаев Жанболатқа баласы Түгелбаев Қайыржан Жанболатұлының мезгілсіз қайтыс болуына орай отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебі РО жанындағы интернаты КММ ұжымы осы аталған мектептің интернат қызметкері Кебекбаева Бақытгүлге әкесі Кебекбаев Бейсеннің қайтыс болуына орай отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Открылось наследство после смерти Смайлова Сапара Алимовича, 20.02.1974 года рождения, умершего 29.12.2024 года. Наследникам обращаться к нотариусу Имашевой М.К. по адресу Карагандинская область Ақтоғайский район посёлок Сарышаган улица Темиржол 12 Б

Еске алу



Аяулы жар, ардақты әке, мейірімді ата бола білген Ақтоғай ауданының тұрғыны **Төлеубек Серік** әкемізді қайғыра еске аламыз. Ауданның абыройлы азаматы бола білген, ортасына сыйлы, достарына жұғымды, туған-туыстарының ұйытқысы бола білген еді. 60 жасынан асқанда «мәңгілік мекеніне» аттанды. Жатқан жеріңіз жәннатта, топырағыңыз торқа болсын.

Салмақты салиқалы санаңызбен, Мейірлі, шуақ шашқан жүзіңізбен, Жүректе мәңгілікке сақталасыз, Адалдық, турашылдық ізіңізбен. Еркелетіп әрқашан анамызды, Отбасында біздерге болып үлгі, Бағдарымды жоғалтпай, сізге қарап, «Ұя» құрдық, бақытты баламыз да. Ел ішінде абыройың бір төбе, Достарыңыз көтереді төбеге, Ешкімменен жүз шайыспай жүруші ең, Қалжындасып, анда-санда ел төре. Ұлдарға да «әке» едіңіз жаны ізгі, «Әкелер мектебінің» мән-маңызын Қас-қабақпен білдіруші ең әкешім, Ұлдарың ту қып ұстар намысыңды... «Ата» деп ардақтайды немерелер, Немерелер көбейсін, шөберелер... «Адамдар ұрпағымен мың жасайды» Есіміңіз ұрпақпен еселенер.

Еске алушылар: жары – Бибігүл, балалары – Асқар-Кенже, Данияр-Риза, Бақтияр-Әйгерім, Шалқар және немерелері.

Еске алу

Ардақты әке, асыл жар, өз ісінің білгірі, әріптестері арасында сыйлы бола білген **Серік Төлеубеков** әріптесімізді бүгінде қол жайып, дұға бағыштап еске алудамыз. «ҚР АШМ ВБҚК Ақтоғай аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінде 25 жыл бойы жүргізуші болып жұмыс жасаған әріптесімізден қапияда айырылып қалдық. Секен өз ісінің нағыз маманы еді. Ортамызда салмақты да сабырлы мінезімен сыйлы болатын. Үлкенді үлкен деп, кішіні бауыр деп құрметтей алатын мінезі бар еді. Амал не енді оның бәрі тек арман болып, айтылып қалатын ғана болды. Әріптестеріңіз Алладан медет тілеп, қазаның қайырын сұрап, жаныңыз жәннатта, тәніңіз рахатта болсын дейміз. Артыңызда қалған жарыңыз Бибігүлге, балаларыңызға қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз.



Көзімізден ғайып болдың бірақ күн, Бұл жалғанда жүрер мәңгі, бірақ кім? Періштелер жол сілтесін пейішке, Абзал жан, төрінде бол жұмақтың.

Еске алушы: ««ҚР АШМ ВБҚК Ақтоғай аудандық аумақтық инспекциясы» ММ ұжымы.

Ақтоғай ауданы білім бөлімінің "Балалар өнер мектебі" КМҚК мектебінің ұжымы осы мектептің мұғалімі Аубакирова Зайдагүлге ағасы **Аубакиров Манарбек Бөрігүлұлының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, туған-туысқандарына көңіл айтады.

К.Байсейітова атындағы тірек мектебі РО КММ ұжымы осы мектептің қызметкері, жас маман, өз ісінің білгірі бола білген **Түгелбаев Қайыржан Жанболатұлының** кенеттен қайтыс болуына байланысты ата-анасына, туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады

«Шыңғысхан қауымының тарихы» атты еңбектің оқырманы көп туындыға айналсын

Баймұханов Мұхамедқали ағамыздың ұзақ жылдар бойы аударма ісімен, әсіресе ескі шағатай тіліндегі тарихи мұраларды аударумен айналысып келе жатқанын жақсы білеміз. Ол кісінің бұл бағыттағы еңбегі ұлт руханиятына қосқан зор үлес болып табылады. Таныстырылып отырған туындының маңыздылығы басым – ерекше назар аударуға тұрарлық. Себебі, «Шыңғысхан қауымының тарихы» атты еңбекте тек тарихи оқиғалар баяндалып қана қоймай, бүгінгі зерттеулер мазмұнында Шыңғыс ханның ұрпақтары түгелдей қазақ болып, ал Шыңғыс ханның өзі қазақ болмауы мүмкін емес қой, деген терең ой ұсынылады. Бұл – аудармашы ғалымның батыл тұжырымы.

Аталған еңбекте түркі кеңістігіндегі қоғамның басты қағидаты – табиғатпен үйлесімді өмір сүру – күнделікті тұрмыс дәстүрлерінде, шаруашылық және мәдени тәжірибелерде көрініс табатыны дәлелденеді. Бұл дала заңдылықтары Шыңғыс хан билігі тұсында да өз жалғасын тапқан. Атап айтқанда, әйгілі Яссы заңдар жинағынан осы қағидаларға қатысты ережелерді кездестіруге болады. Мұны бізге дәлелдей түсетін еңбек – Қадырғали Жалайыридің «Шыңғысхан қауымының тарихы» атты кітабы. Аталған еңбекті ескі шағатай тілінен қазақ тіліне тәржімалаған – белгілі шығыстанушы гуманитарлық ғылымдардың профессоры, әрі аудармашы Мұхамедқали Баймұханов.

Ең бастысы – Мұхамедқали ағай бұл аударманы 80-нен асқан қарттық шағында жүзеге асырып отыр. Бұл – нағыз рухани ерлік. Күншығыс еліндегі хокку әдісі ғасырлар бойы үзілмей жалғасып келе жатқан терең дәстүрге ие поэзиялық жанр болып табылады. Ол халықтың әдет-ғұрпына негізделген әндер мен аңыздар тәрізді, үлкен рухани өнертабыстың бір көрінісі саналады.

Бұл жанрдың негізін салып, поэтикалық канондарын қалыптастырған ұлы ақын Мацуо Башонның шығармалары өз заманында ғана емес, бүгінгі күнге дейін де жоғары танымалдыққа ие. Алайда тек Жапонияда ғана емес, әлемнің көптеген елдерінде, оның ішінде Қазақстанда да хокку стилінде қалам тербейтін дарынды авторлар бар екені көңіл қуантады.

Осы тұрғыдан алғанда, Мұхамедқали ағайдың шығармасы – тек аударма ғана емес, терең мағынаны жеткізетін рухани еңбек. Ол негізгі ойды шеберлікпен аударып, оқырманға жанрдың болмысын сезіндіре алды.

Ендігі кезекте бұл еңбекті хокку әдісі тәрізді дамытып, мазмұнын байыта түсу – жас ғалымдар мен ізденушілердің еншісінде. Әдебиетті, тілді, мәдениетаралық байланысты жетік меңгергісі келетін жас буын үшін бұл – игі үлгі әрі шабыт көзі болмақ.

Мұхамедқали ағайға зор алғысымызды білдіре отырып, мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, және шығармашылық табыс тілейміз!

Тлебалдиева Меруерт Доктырханқызы,
Астана халықаралық университеті,
Өнер және гуманитарлық ғылымдар
жоғары мектебінің “Тарих” білім беру
бағдарламасының жетекшісі.

Құттықтаймыз!



Асқар тау әкеміз **Жеңіс (Балгабай) Ерубайұлы**, аяулы анамыз **Шәмшіқайын Ыбырақымқызы** сіздерді мерейлі 80-жасқа толған туған күндеріңізбен құттықтаймыз!

Аса қымбатты ата-анамыз, біз сіздерге алғашқы кезекте зор денсаулық, мәнді де мағыналы ұзақ ғұмыр, үлкен отбасылық бақыт тілейміз. Бүгіндері бейнетінің зейнетін көріп ұрпақтарының қызық-қуанышына кенелеп, ақ баталарын беріп отыратын ата-анамызға не тілесек те артық емес. Барлығымызды жеткізіп, оқытып, үлкен-үлкен маман болуға, бастысы адал еңбек жасауға тәрбиелеген Сіздерге біз әркез қарыздармыз. Бүгіндері елге елеулі, халыққа қалаулы қос бәйтеректей болып отырған сіздер, кейінгі ұрпаққа үлгі жансыздар. Туысқандар арасында, ел ішінде өз қадірлеріңізбен сыйлы болып, биік тұғырларыңыздан таймай, ұрпаққа үлгі, жетекші болып келесіздер. Әлі де болса немере-шөбере сүйіп бәйтеректей жайқалып өніңіздер. Біз сіздердің ғасыр тойларыңызды тойлайық.

Жеміс беріп, тер төккен еңбектеріңіз,
Бақыт болсын әрдайым көргендеріңіз.
Шаттықпенен мерейлеріңіз таси берсін,
Ортаймасын әркез абырой-беделдеріңіз.

Ақ тілекпен: балаларыңыз, немерелеріңіз және шөберелеріңіз.



Құрметті асқар тау әкеміз **Әзімбаев Өміртай Өмірзақұлы!**

Сізді мерейлі 70 жасқа толған туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Әлемнің бар жақсылығын тілеп, әрдайым денсаулығыңыз мықты, басқан әрбір қадамыңыз сәтті болсын демекпіз. Шаңырағыңызға шаттық ұялап, босағамыздан құт-береке кетпесін. Бала-шаға мен немерелердің қызығы на тоймай өмірдің бар жақсылығы мен игілігін көре беріңіз. Бейнеңізден бақыттың нұрын көріп, жүзге дейінгі тойыңызды бірге тойлайық. Ортамызда асқар тауымыз болып жүре беріңіз, аласармаңыз.

Құтты болсын 70-ке келген жасыңыз,
Сексеннің сеңгірінен асыңыз.

Қуат алып, денсаулықтың нәрінен,
Жүзіп өтіп, жүзге қадам басыңыз.

Ізгі тілекпен: балалары, немерелері.



Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тұрғыны, құрметті көршіміз **Тұрғанбеков Бауыржан Кәукербекұлы**н мерейлі 60 жасқа толған туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз.

Сізге тілейтініміз: деніңізге саулық отбасыңызға амандық, Шаңырағыңыздың шаттығы еселеніп, отбасы бақытына бөлене беріңіз, – деген ізгі ниет, ақ тілегімізді айтамыз. Жүзіңізден шуақ кетпей ортамызда, бала-шағаңызбен, Шәйзатпен бірге қызық қуанышымызға ортақтасып, ұзақ ғұмыр кешіңіз. Көрші-қолаң, дос-жаран ортасында беделіңіз артып, абырой биігінен көріңіз.

«Алпыс-тал тұс» дейді халық данасы,
Алпыс деген, өң мен түстің арасы.
Бір әулеттің өзің алтын қазығы,
Аман жүріңіз ардақты ел ағасы.

Құрметпен: Байзақ, Төлеухан, Түсіпбай, Ырзық, Ғайни, Бақыт, Бейбіт, Нөсер, Наурызбай, Ғибрат, Жанат, Нұрғазы, Дана, Нұртай, Талғат, Дәурен, Сағдат, Аңсаған, Алмас, Айнұр, Сайран, Рахат.



Құрметті ағамыз **Ежебаев Мейрам Әбікенұлы!**

Сізді мерейлі 70-жасқа толған туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз.

Сізге зорденсаулық, ұзақ өмір, қажымас қайрат тілейміз. Отанасы Панар екеуіңіз бала-шаға,

немере-шөбере бақытына бөленіп, ағайын-туғанның ортасында ақылшымыз болып жүре беріңіздер. Сіз саналы ғұмырыңызда «елге елеулі, халыққа қалаулы» болып туған жерде қызмет жасадыңыз. Халқыңыз сіздің әрбір еңбегіңізді бағалайды, ал, біз Сізді мақтан тұтамыз. Әлі де болса бақытқа бөленіп ортамызда 100 жасаңыз.

Бұл жетпіс, қарттық емес қазына жас,
Бала-шаға, немеренің назына мас.

Біз сізге үлкен бақыт тілейміз ортаймайтын,
Басыңыздан ешқашанда, ажырамас

Ақ тілекпен: бауырларыңыз – Жанат-Маркен, Мейіржан-Раи

Құрметті **Бауыржан Кәукербекұлы!**

Сізді 60-жасқа толған меншікті мерекеңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Айтулы жасқа қадам басқан той иесіне ғұмырлы жас, берекелі де мерекелі өмір, Шәйзат екеуіне отбасылық бақыт, балалар мен немерелер шаттығына тоймай, қызық қуанышқа кенелетін шуақты ғұмыр тілейміз. Денсаулығыңыз мықты болып ортамызда ойнап-күліп жүріңіз демекпіз.

Жүріңіз осы күнде шаттанып,
Балаларыңыз өзіңізбен мақтанып.
Аман-есен ортамызда жүргейсің,
Тоқсан-жүздің шаңырағына аттанып.

Ізгі тілекпен: құрдастары – Мақат, Саят, Рымбек, Дулат К., Дулат М., Қайрат, Ғабит, Еламан, Алтын, Маржан, Дана.



Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті
редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі
газеттің көзқарасын білдірмейді.

Таралымы 1050 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.
Телефондар: редактор: 2-18-81, 87770498986



Электрондық пошта aqtogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

